



# Ақмешіт

9 сәуір  
сенбі

№28 (1833)

2022 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### АЙМАҚҚА ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ



Аптанғы бейсенбісінде Сыр өңіріне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смаилов пен ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу келді. Олар облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясына қатысты.

Үкімет басшысы мәслихат депутаттарына Қызылорда облысының әкімі лауазымына Нұрлыбек Нәлібаевты тағайындау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің ұсыныс-хатын оқып берді. Депутаттар ұсынылған кандидатураны бірауыздан қолдады.

Актив отырысы барысында ҚР Премьер-Министрі Гүлшара Әбдіқалықоваға облысты дамыту, маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және әлеуметтік саланы нығайту бойынша атқарған белсенді жұмысы үшін алғыс айтты.

Жаңа әкімді таныстыра отырып, ҚР Премьер-Министрі Нұрлыбек Нәлібаевтың жауапты мемлекеттік лауазымдардағы, соның ішінде Шиелі ауданы мен Қызылорда қаласының әкімі қызметіндегі жоғары кәсібилігі мен үлкен жұмыс тәжірибесін атап өтті.

Нұрлыбек Нәлібаев 1976 жылы Қызылорда облысында туған. Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін, Қазақ гуманитарлық заң университетін бітірген.

Еңбек жолын 1997-1998 жылдары аралығында «Казакхоль-коммерция» ЖШС мұнай және мұнай өндірісі сарапшысы болып бастаған. 1998-2005 жж. жеке коммерциялық құрылымдарда басшылық қызметтер атқарған.

2005-2007 жж. – Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары.

2007-2008 жж. – Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы.

2008-2013 жж. – Қызылорда облысы, Шиелі ауданының әкімі.

2013-2021 жж. – Қызылорда облысы, Қызылорда қаласының әкімі.

2021 жылғы 1 сәуірден осы күнге дейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Өңірлік даму бөлімінің менгерушісі болды.

### ХАЛЫҚ ҮНІ

### ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП



«Елден сұрақ, әкімнен жауап» айдары арқылы бұған дейін Тасбөгет пен Белкөл кентінің, Қызылжарма ауылының

әкімдері тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Бүгінгі кезекте Ақсуат ауылдық округ тұрғындарының сауалына ауылдық округ әкімі Мәмбетәлі Ақмырзаев жауап берді.

### ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ



## ЖЫЛЫЖАЙ КӨБЕЙСЕ, БАҒА АРЗАНДАЙДЫ

Соңғы уақытта өңірде жылыжай ісін дамытқандар қатары көбейді. Бұл тұрғындардың жергілікті өніммен қыс-жазы қамтылуына оң үлесін тигізуде. Өнім өндіру саласы қашанда маңызға ие екені анық. Сондықтан қандай өндіріс болса да саны көбейгені жақсы. Бүгінде Қызылорда қаласында осы мақсатта жұмыс істеп, жылыжайда өнім өсіру арқылы кәсібін дамытып отырған азаматтың бірі – Нұрлан Нұрмағанбет.

Мұнда әрқайсысы 200 шаршы метрді құрайтын үш жылыжай бар. Ол жерде жыл мезгіліне қарамастан қияр, қызанақ жүйелі түрде өсіріледі. Сондай-ақ сынама ретінде биыл баклажан, құлпынай, лимон мен мандарин де өсіруде. Құрылысы 2020 жылы басталған бұл жылыжай қазіргі таңда тұрақты түрде өнім береді.

– Жалпы еліміздің оңтүстік аймағында жылыжай кәсібі кеңінен дамыған. Мен де Қызылордала осындай істі бастап көргім келді. Өз күшіммен құрылысын жүргізіп, алғашқы жылы-ақ жақсы өнім берген соң әрі қарай жалғастырамын деп шештім. Алдағы уақытта мемлекеттен 6 проценттік несиелік қолдау алып, жылыжай аумағын одан әрі кеңейтсем деген жоспар бар. Жаңадан салынатын аумаққа лимон мен мандарин егемін. Қазіргі таңда олардың өсімділерін егіп, сынамадан өткізіп көрдік, – дейді ЖК «Шапағат» иесі Н.Нұрмағанбет.

Сонымен қатар ол қазіргі таңда жылыжайды күтіп баптайтын маман мен агрономды жұмыспен қамтып отыр. Олар уақытылы суару, артық шөптерін жюу, ауырған өсімдіктерді емдеу, тыңайтқыштар қосу секілді жұмыстармен айналысады. Одан бөлек Нұржан Нұрмағанбеттің отбасы мүшелері де бос уақытында жылыжайды күтіп-баптауға көмектеседі.

– Әр жылыжайда 528 түп қияр бар. Олардың әр түбі кем дегенде 5 келі өнім береді. Қызанақтың өнім беруі үшін біраз уақыт, яғни 4 ай кететіндіктен оны қыс мезгілінде егеміз. Ал қияр орташа есеппен 2 айда өнім бере бастайды. Жиналған өнімнің барлығын жергілікті сауда орындарына, базарларға жеткіземіз.



Қазіргі кезде қиярдың «хайрот» және «шодыр» сорттарын өсіріп жатырмыз. Базар бағамындағы орташа есеппен келісін 400 тенгеден саудалаймыз, – дейді жылыжай иесі.

Жылыжайдың сыртқы аумағында тал егу жұмыстары да қарқынды жүруде. Яғни алдағы уақытта жылыжайдан бөлек алма бағы да осы жерде болмақ. Сонымен қатар кәсіп иесі сынама ретінде құстарды инкубациялаумен де айналысып көруде. Қазіргі таңда жұмыртқа мен ет бағытындағы «ломан браун» атты тауықтың 300 дана жұмыртқасы инкубацияда. Одан бөлек қаз бен үйрек өсіру де жоспарда бар.

Жылыжайды жылыту жүйесі де ахуалға орай оңтайландырылған. Экономикалық бағалануына қарай «көгіл-

дер отынмен» де, көмірмен де жылытуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар өнімдерді суару үшін де каналдан арнайы су келіп тұр.

Кәсіп иесінің айтуынша, қызығушылықтың арқасында жасалған іс қашан да нәтиже береді. Бала кезден ауылда бақша еккен оның әлі де бұл салаға қызығушылығы азаймаған. Отбасындағылар да бұл бастаманы қолдап, қазіргі кезде ерекше ынтамен жылыжайда жұмыс істеуде. Өнім өсіруден бөлек топырақты арнайы тыңайтатын құрттар да бар. Олар дайын болған кезде арнайы дайындалған орынға жіберіледі. Нәтижесінде құрттардың тыңайтқан жерінде көбірек өнім алуға мүмкіндік болады.



Алдағы уақытта жылыжай иесі өз аумағын жасыл желекке толтырып, құс асырауды жалғастырмақ. Осылайша қаланың күйбең тіршілігінен бір сәтке ой бөліп, жылыжайда уақытын пайдалы әрі қызықты өткізбек. Бастапқыда қызығушылықтан бастаған бұл ісін үлкен көсіпке айналдыру да жоспарда бар. «Бастысы тұрғындарды жергілікті өніммен үздіксіз қамтасыз ету», – дейді ол.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ,  
Суреттерді түсірген  
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

## ҚАРЫЗ АЛ ДА, КӨЛІК АЛ



### ҚЫТАЙ ДА ТЕКЕТИРЕСТІ БАСТАДЫ МА?

Ресейдің Украина жеріндегі қарулы қақтығысы арқылы Путин Батыс елдеріне азын көрсеткісі келді деп болжауда. Украина жеріндегі Ресейдің «арнайы операциясы» әлі күнге дейін тоқтаған жоқ. Осы орайда батыстықтар енді Қытайдың да мінез көрсете бастағанын алға тартуда. Бұл пікірге орай CNN арнасының тілшісі Закари Б.Вольфа «Бас генерал Қытай қарулы күштері жайлы ескерту жасады» тақырыбында мақала жариялады.



Мақалада көрсетілгендей, американдық генералдың сөзінше, Ресей мен Қытай қазіргі ережелерге сай негізделген әлемдік тәртіпті өзгертісі келеді. Біріккен қолбасшылықтың төрағасы генерал Марк Милли сөйсеңбіде Конгресстен Пентагон үшін көбірек ақша суару арқылы ірі державалар арасындағы ауқымды соғыс болуы мүмкін деген болжам бар екенін дәлелдегендей.

«Біз уақыт өткен сайын тұрақсыз болып бара жатқан әлемде өмір сүріп жатырмыз және алып державалар арасындағы ірі халықаралық қақтығыстардың ықтималдығы азаймай, керісінше артып келеді. Ресейдің Украинаға басып кіруі тек еуропалық бейбітшілік пен тұрақтылыққа ғана емес, менің ата-анам мен бірнеше американдық ұрпақ аябай күрескен жаһандық бейбітшілік пен тұрақтылыққа қауіп төндіруде», – деді Милли.

Көптеген республикашылар мен кей демократтар Миллидің қазіргі сұрап отырған қаражаты Пентагонға жеткілісіз деп есептейді. Олардың пікірінше, қорғаныс министрлігі соңғы 40 жылда ең жоғары көрсеткішке ие болған 4 проценттік инфляцияны есепке алмай жеткілісіз қаражат, яғни 2023 жылға 773 млрд доллар сураған.

Сондықтан қорғаныс министрлігіне инфляцияны қайта есептеп, көбірек қаражат сурауды ұсынды. Мұндағы себеп – Украина жеріндегі соғыстың АҚШ әскерін біраз әбігерге салып, үздіксіз оқу-жаттығу өткізуге мәжбүрлігі. Дегенмен мақала авторының пікірінше, Ресейдің қазіргі әрекетін қорғаныс министрі Қытай әскері туралы баяндамасымен «бірдей екіпін» мәлімдеген. Қытай әскерінің, әсіресе, әскери-теңіз күштерінің артуы соңғы жылдары АҚШ шенеуніктері мен заң шығарушыларын алаңдатып отыр.

Тілшінің сөзінше, АҚШ-тың соңғы аптада гипер дыбыстық зымырандарға көп назар аударуы «қарулы қуаттылықпен жарысуды бастағанының» дәлелі. Бұған дейін арна тілшісі Орен Либерман «Соңғы айларда ресейлік және қытайлық әскердің гипердыбысты зымырандарға жасаған сынағы Вашингтонды әбігерге салды. Себебі АҚШ болашақта аса маңызды рөл атқаратын қарулы күштер жарысында артта келе жатқанына алаңдаулы» деп жазды.

«Қытай әскери күштерінің бұрын-соңды болмаған модернизациясы олардың негізгі мүмкіндіктері бойынша бізден асып түсуіне мүмкіндік берді», – деп мәлімдеді Алабама штатының өкілі Майк Роджерс сөйсеңбі күнгі отырыста. «Қытай Коммунистік партиясы қазір әлемдегі ең үлкен армия мен флотты басқарады. АҚШ-қа қарағанда оның әскері, кемесі мен гипер дыбысты зымыраны көп», – деді ол.

Мақала авторы Қытайдың әскери қуаты мен шығындары туралы АҚШ-тың не білетіні туралы көбірек ақпарат алу үшін қытайлық сарапшы, деректерді талдаушы, Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының аға ғылыми қызметкері Мэттью П.Фунайолоға хабарласқан. Телефонмен тілдесу нәтижесінде білген ақпаратты алты тармаққа бөліп, өз мақаласында қысқаша тоқталған. Біз де оқырман назарына Америкадағы қытайлық сарапшының сөзінен тыңдалған алты тармақты қаз-қалпында ұсынулы жөн көрдік.

Біріншіден, Қытай өзін Үнді-Тынық мұхиты аймағында басты фаворит ретінде көрсеткісі келеді. АҚШ-ты ығыстыру мақсатында ол өзінің әскери күштерін негізгі құрал ретінде пайдалануы мүмкін. Қазіргі кезде Қытай өзінің әскери-теңіз күштерін модернизациялауда және барлық күш-жігерін жана жерүсті әскери құруға, суасты қайықтарын жанартауға және ұшақ тасығыш бағдарламасын дамытуға жұмсауда. Бұл мақсатқа жету үшін ол аз уақыт ішінде біраз ілгерілеушілікке жетіп отыр.

Екіншіден, Қытай АҚШ әскерін басып озған жоқ. Жалпы шығындарды есептесе, Қытай әлі де Америкадан артта. Мәселен, Қытай әскері белгілі аймақта ғана шоғырлана, АҚШ әлемнің біраз өлмесі әскери активке ие. Алайда Қытай Корея, Жапония мен Вьетнамды қосып алып есептегендегі қаражатпен тең ақша жұмсайды екен. Фунайоленің сөзінше, АҚШ әлі де ойлап табу мен жасап шығаруда алда келе жатса да Қытай кей салада алға шыққан.

Үшіншіден, «АҚШ қуанышқа немесе оқинішке қарай, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемдік қақтығыстардың барлығында бас көрсетті. Ал Қытайдың әскери сынағы Америкадан аз. Бұл көрсеткіш қарулы күштің қуаттылығы жарысында ерекше орын алады», – дейді Фунайоле. Алайда Қытайдың алға ілгерілеушілікке бір келісімі – қару санын көбейту. «Қару қуаты жарыста» технология мен шығын ерекше орын алғанымен, әскерлер саны да жоғары маңыздылыққа ие. Ал бұл тұста Қытай артта екені анық.

Төртінші, Фунайоле Ресей мен Қытайды «одақтас» деп санамайды. Оның сөзінше, Ресей мен Қытай серіктес ретінде жұмыс істеп, кей мәселелерде басқа елдерге қарағанда жақынырақ болғанымен, АҚШ пен оның одақтас елдеріндегі қарым-қатынас жоқ.

Фунайоле бұл пікірінің дәлелі ретінде Батыс елдері, соның ішінде АҚШ Украинаны жақтаған кезде Қытайдың бейтарап саясатын сақтауын алға тартқан.

Бесіншіден, Фунайоле АҚШ әскери қуаты бойынша Қытайдан қалмас үшін теренірек зерттеу керек. «Мәселен, алдағы уақытта Қытай «катапуль» жүйесі арқылы жүзеге асытын үшінші ұшақ тасығышының іске қосылуы. Бұл озық технологияның нәтижесі болмақ. Ал қытайлық әскер бұл қаруын теңіз күшіне қосқанда барлық әлем бұл туралы жар салады. Қытайдың ойлап тапқан қаруына қарсы тұратын қорғаныс жасау үшін және әскери қуаттылықта есе жібермеу үшін Қытайды теренірек зерттеу керек», – дейді ол.

Алтыншыдан, Фунайоле бір ай бұрын жаңа жүйені сынап және одан ешқандай кері жауап алмауға болады деген пікір болғанымен, қазіргі таңда бұл нәрсе мүмкін еместігін алға тартқан. Қазіргі кезде әлем елдерінің біріккен одақ құруы жиілеген. Дегенмен сол одақтардың ішінде АҚШ-тың одағы берік екенін Ресейдің Украинаны басып кірудегі қазіргі ахуалы дәлелдеп отыр.



Зиялылық – адамның жоғары мәдениеттілігінің ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым.

Бұл айда Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Қызылорда облысын Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Сәбит Иманғалиевті зиялылық пен парасаттылық тұрғындағы тұлғалық болмысы тұрғысынан бағалаймыз.

Сәбит аға ғұмырнаамасының алтын арқауы – туған жеріне, ауылына, сол арқылы кең-байтақ Отаны Қазақстанға арналған перзенттік-азаматтық махаббаты. 1942 жылы Қазалы ауданының К.Маркс атындағы колхозда мектеп директоры болып қызмет істеген Иманғали Жұмағұловтың отбасында ел аралап шығармашылық ісәпарда жүрген классик жазушымыз Сәбит Мұқанов құрметті қоңақ болыпты.

Ол Мақпалқол ауылында ағартушы-ұстаз Иманғали мен абал ана Мәрияның көпбалалы отбасында тәрбие алып өсті. Әкесі Иманғали көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновпен бірге өсіп, отызшы жылдары Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде бірге оқып ағартушылық жұмысында қызметтес-әріптес болған. Әкенің

кейін мектеп директоры болып, балаларының оқып білім алуына, зиялы, парасатты болып өсуіне ықпалы тигені анық. Бұл – тектілік қасиеттің бала бойына дарып, ағартушылық қызметтегі өркеніеттің гуманистік дәстүрі десе болғандай. Сәбит 1959 жылы орта мектептен соң Қызылорда қаласындағы медицина училищесін фельдшерлік мамандығы бойынша бітіреді. Мұнан соң Жанатапал колхозын-

мектептің директоры қызметтерімен жалғасты.

Сол кезеңдегі кеңестік басқару жүйесіндегі саясат қазақ жастарын онжылдықты бітіргеннен кейін қой бағу, егін егу жұмыстарына еріксіз қалдырып, талай дарынды жастардың әлеуетін танытуына кедергі жасалды. Бұл Сәбит ағамыздың азаматтық көзқарасындағы намыс отын тұтатқан айрықша саяси-әлеуметтік жағдай болды.

арнайы сұхбаттар ұйымдастырып, еңбек ұжымдарының жиындарында қазақ тілінің мәртебесі туралы мазмұнды баяндамалар жасады. 1967 жылдың күзінде шаңырақ көтеріп, жары Зұбайра Қыстаубаева екеуі ата-бабалардан жалғасқан ұлағатты дәстүрін лайықты деңгейде дамытты. Зұбайра Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищені, одан кейін Н.В.Гоголь атындағы

сонымен қатар өзі Қазақ-Америка университетінде аға оқытушы болды. Ерлі-зайыпты қаламгер ұстаздардың бірлесіп жазған «Қызылорда көшелері» атты танымдық-анықтамалық кітаптары тілтану, елтану тұрғысындағы маңызымен жұртшылықтың ықыласына ие болды. Он мың сөзден тұратын «Орысша-қазақша сөздік» еңбегіндегі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру мақсатындағы іс қағаздарының қазақша үлгілері мен тіл дамыту тараулары халықтың әлеуметтік топтары мен тіл үйірмелері үшін таптырмайтын пайдалы кітап болды. Ол халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы арқылы республиканың облыстарына таратылды. Үш тілде жарық көрген «Астаналардағы көшелер» атты көлемді еңбегі Қызылорда, Алматы, Астана қалаларына арналды. Еліміздің үш астанасы болған қалалары жайлы еңбек 2014 жылы Германияның және Түрікменстанның астаналарындағы халықаралық кітап көрмесіне қойылып, құнды материалдар әлем халықтарына танытырылды.

Бүгінде 80 жасқа толған Сәбит аға мен 75-ке келген сүйікті жары Зұбайра – үлгілі отбасы иелері. Олардың отбасында үш ғалым, екі журналистер одағының мүшесі, екі құрметті азамат, білім және мәдениет саласының екі үздігі және отбасы мүшелері жазған он жеті кітап жарық көрген. Өркеніет кеңістігіндегі қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерімен қалыптасқан, домбырамен күй тартатын, ән салатын, бірнеше тілді меңгерген бұл отбасы – зиялылықтың, парасаттылықтың үлгісі.

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор

## ӨМІРІ ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ



да фельдшер, кейін көрші Аққыр ауылында жанадан ашылған аурухана меңгерушісі болып еңбек етеді.

Мұнан соң Сәбит Алматыдағы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жоғары білім алады. Медициналық және филологиялық-педагогикалық қос мамандықты игерген оның ендігі еңбек жолы ауылындағы №188 орта мектептің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі одан кейін «Мәдениет» совхозындағы орта

Мұны жана буын ұрпақтың өркендеуін дамытуға арналған жаңа қызметтері арқылы жүзеге асыра бастады. Сөйтіп, 1980 жылы Қызылорда қаласына қоныс аударып, «Қазақ тілі» қоғамын басқарған тоқсаншы жылдары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жолға қоюда көптеген іс-шаралар ұйымдастырды. Украинадан жазу машинкаларын алдырып, оған қазақ әріптерін енгізді. Мерзіміді баспасөз беттерінде өзекті мәселелерді көтеріп, бірқатар мақала жариялады. Облыстық радио мен телеарнадан

педагогикалық институтты «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген жоғары білімді, білікті маман. Ол өзі туған Жалағаш ауданындағы «Аққыр», «Мәдениет» ауылдарындағы орта мектептерде ұстаздық еңбек жолында тиянақты қызмет етуімен танылды. Жас маманның ұйымдастырушылық қабілетін байқаған аудан басшылығы Жалағаш аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметіне тағайындаған еді. Бұдан кейін ол Қызылорда қаласындағы жұмысшы жастар кешкі мектебінде ұстаздық еңбек жолын жалғастырды. Осы кезеңде жүріп, Алматыдағы көрнекті филолог ғалымдармен бірлесіп, жоғары сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулығын шығарды. Осы еңбегінің нәтижесінде 1989 жылы өзі жоғары білім алған Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы қызметіне қабылданып, көп ұзамай Қазақстан білім беру ісінің үздігі атанды. 1999 жылы олардың отбасы Алматыға қоныс аударғаннан кейін отағасы Сәбитпен бірге Алматы экономика және статистика академиясында,

### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

«Тағзым» алаңында бұдан 27 жыл бұрын Тәжік-Ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді құрметпен еске алу шарасы өтті.



Салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов және тәжік-ауған соғысы ардагерлер одағы қоғамдық бірлестігінің мүшелері қатысты.

«Ерлік ешқашан ұмыт қалмайды» деген қанатты сөзге негізделі отырып ұйымдастырылған шарада қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов ел тыныштығы мен қоғам қауіпсіздігін күзеткен жауынгерлердің рухын оятуда мұндай іс-шаралар зор маңызға ие екенін айтып, ардагерлерге ізгі лебізін білдірді.

Бүгін Тәжік-Ауған шекарасында болған локальды соғыстың аяқталғанына 27 жыл толып отыр. Сыр өңірінің өзінен 400-ге жуық сарбаздар аттанып, оның үшеуі қаза болса, төрт сарбаз жаракаттанған. Отан алдындағы борышын адал атқарып, жанқиярлық ерлік көрсеткен жауынгерлердің алдында баз иіп, тағзым етеміз.

Тәжік-Ауған соғысы ардагерлерін қадірлеп-құрметтеуді біз өзіміздің борышымыз деп білеміз. Кеудесін оққа тосып, жасындай өмірін тәуекелге тіккен жауынгерлердің ерен ерлігі қанша уақыт өткеніне қарамастан ел есінде, ұрпақ жадында сақталып, – деді ол.

Сондай-ақ Тәжік-Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарына және әскери қатығыстарына қатысушылардың ардагерлер одағының республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Марат Орынбайұлы шейіт болған 17 жауынгерді еске алып, олардың қайтпас қайсарлығымен, өшпес ерлігін баян етті.

Осыдан 27 жыл бұрын ел үшін кеудесін оққа төсеген қазақстандық сарбаздар Тәжік-Ауған шекарасында айбынды ерлікпен, қайтпас қайсарлық пен батылдықты ерен ұлгісін көрсетті. Алайда ол кезең ел тарихында қайғылы күн болып мәңгілік есте қалды. Жауынгерлер тәжік-ауған шекарасын қырағылықпен күзетті. Қаза болған жауынгерлер біздің мемлекетіміздің қауіпсіздігін сақтау үшін өз өмірлерін пиде етті, – деді Марат Орынбайұлы.

Шара барысында Тәжік-Ауған шекарасында қаза болған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, гүл шоқтары қойылды. Ерлікпен қаза тапқан жерлестеріміздің рухына құран бағышталды.

Айта кетейік, 1995 жылғы 7 сәуірде Тәжік-Ауған шекарасында Тәжікстан Республикасының Пшихавр тау шатқалында 7-інші құрама бітімгершілік ротасы тараптың іргелес шекарасына содырлардың кенеттен қарулы шабуыл жасауына тап болды. Қарсыластың басымдық күшімен болған төрт сағатқа созылған тең емес ұрыс барысында жауынгерлер өздерінің әскери борыштарын абыроймен орындап, әскери антқа адал болды. Бұл шайқаста яғни 1995 жылдың 7 сәуірінде 17 жауынгерлікпен қаза тапты, 30-дан астамы жараланған еді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысына сәйкес 1993-1999 жылдар аралығында бұрынғы ішкі әскердің, бүгінгі Ұлттық ұланның желел мақсаттағы әскери бөлімдерінің 2 мыңнан аса офицері мен сарбазы Тәуелсіз мемлекеттер достастығының бірлескен батальонында ТМД сыртқы шекараларын қорғау үшін Тәжік-Ауған шебінде бітімгершілік міндеттерін атқарған болатын.

К.АҚТАП

## ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР

Ветеринариялық іс-шаралар – ҚР «Ветеринария туралы» Заңының талаптарына сәйкес, Халықтың денсаулығын жауапкершілікпен қорғауға, аурулардан қорғауға, жануарларды аурулардан қорғауға, жануарларды аурулардан қорғау және емдеуге, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, жануарлардың ветеринариялық профилактикалық іс-шараларын қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдер кешені болып табылады.

Қызылорда қаласы бойынша 2022 жылы эпизоотияға қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізу, яғни, эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, ветеринариялық іс-шаралар аясында 10 ауру түріне (7 вакцинация, 2 аллергиялық зерттеулер мен 1 дегельминтизация) қарсы вакцинациялау шаралары, диагностикалық зерттеуге қан сынағаларын алу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, мүйізді ірі қара малының өттеуі, мүйізді ірі қара малының пироплазмозы, ақ малдың бауыр құрты ауруы, жылқының гастрофилезі, жылқының сақа ауруына, түйенің қатпа ауруы сияқты эпизоотиялық аурулардың алдын алу бағытындағы ветеринариялық іс-шаралары да қоса жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бағдарламасы бойынша ҚР АІШМ-нің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 Бұйрығына сәйкес, бірдейлендіру іс-шаралары 2022 жылдың аяқталуына бастап ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша қосылған «Жасыл дәліз-3» бағдарламасы аясында бұрын сырғаланбай қалған ауыл шаруашылығы жануарларын есепке алу шаралары жүргізілуде. Қызылорда қалалық полиция басқармасының 2021-2023 жылдарға арналған бірлескен жоспарындағы ветеринария саласында құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша, Қызылорда қаласы көлемінде мал базары мен мал сою алаңдарына қалалық жергілікті полиция басқармасымен бірлесіп рейттік іс-шаралар ұйымдастырылды. Ветеринариялық санитариялық заң талаптарын сақтамаған 19 азаматқа ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 406-бабына сәйкес хаттамалар толтырылып, айыппұл салынды. 2022 жылы Қызылорда полиция басқармасымен бірлесіп, ветеринария саласында құқық бұзушылықтарға байланысты 2 айыппұл салынып, өндірілді.

Қазіргі таңда ветеринариялық талаптарды сақтамаған, белгіленбеген жерде балық, жануарлар және жануарлар өнімін сатқан азаматтарға Қалалық полиция басқармасы арқылы ескертулер беріледі. Бұқаралық ақпарат құралдарында және «Facebook» әлеуметтік желісіне ветеринария саласына қатысты өзекті мәселелер, соңғы жаңалықтар жарияланып, атқарылып ветеринариялық іс-шаралар жөнінде түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Б.НУРМАНОВ, ВБЖҚ Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шаған Жер» ЖШС-нің қатысушылары А.Есжановтың, К.Асановтың, К.Каниевтің, К.Искендіровтың, С.Орынбаевтың, Б.Примовтың жауапкер «Шаған Жер» ЖШС-не қойған, Серіктестіктің алғашқы тіркелуін жарамсыз деп таныды сұраған талап қою арызымен қозғалған азаматтық ісі 12 сәуір 2022 жылы сағат 15:30-ға Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында сот отырысында қарауға тағайындалғаны туралы «Шаған Жер» ЖШС-нің құрылтайшыларына хабарланды.

Сот отырысы хатшысының телефоны: 87767544001.

«Шаған Жер» ЖШС.

## ҚАУІПСІЗДІК ҚАТЕРДЕН САҚТАЙДЫ

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы облыстағы өндірістік жаракаттану жағдайларына 2021 жыл қорытындысымен талдау жүргізді.

Талдау көрсеткендей, 2021 жылы облыс бойынша жол көлік оқиғасы салдарынан 23 жұмыскер зардап шеккен, бұл барлық 61 зардап шеккендердің 38%-ін құрайды.

Атап айтқанда, 2021 жылы 6 жол көлік оқиғасынан 23 жұмысшы зардап шеккен, оның ішінде 8 адам қаза болған, 10 адам ауыр дәрежелі, 5 адам жеңіл дәрежелі жаракат алған (2020 жыл қорытындысымен 8 жол-көлік оқиғасынан 16 жұмыскер зардап шеккен, оның ішінде 1 адам қаза болған, 9 адам ауыр дәрежелі, 6 адам жеңіл дәрежелі жаракат алған).

Яғни, 2021 жылы жол-көлік оқиғасынан зардап шеккендер саны 44 %-ке, қаза болғандар саны 7 есеге, ауыр дәрежелі жаракат алғандар саны 11 %-ке көбейген.

Барлық жол-көлік оқиғаларында негізгі орында жүргізушінің әрекеті немесе әрекетсіздігі байқалады.

ҚР ІМ мәліметтеріне сәйкес, жол көлік оқиғасы кезіндегі жүргізушілердің жасайтын әрекеттері: белгіленген жылдамдықты көтеру, мас күйінде көлікті басқару, басып озу ережесін бұзып қарама-қарсы жолға шығып кету, жол қиылысы ережесін сақтамай жол кезегін бұзу, ақауы бар көлікті басқару, ара қашықтықты сақтамау, жол жүрісі белгілеріне бағынбау, адамдарды тасымалдау ережесін бұзу, жаяу жүргіншілер ережесін бұзу және т.б.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген «Жол жүрісі қағидаларының» 1-інші «Жалпы ережелер» бөлімінің 1 тармағының 26 тармақшасына сәйкес, жол жүрісіне қатысушы жол жүрісі процесіне жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші ретінде тікелей қатысатын адам.

ҚР Еңбек кодексінің 17-бабының 3 тармақшасына сәйкес, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті орган өндірістік жаракаттану себептеріне талдау жүргізеді және оның профилактикасы жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

Осы Кодекстің 194-бабының 3 тармағына сәйкес, мемлекеттік еңбек инспекторлары Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдау мақсатында осындай бұзушылықтар туралы жұмыс берушілерді хабардар етуге, 5 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының бұзылуына әкеп соғатын себептер мен мән-жайларды анықтауға, оларды жою және еңбек құқықтарын қалпына келтіру жөнінде ұсынымдар беруге міндетті.

Т.ШАЛБАЕВА Басқарма басшысының м.а.

### ХАЛЫҚ ҮНІ

## ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

Ауылдағы жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатында қандай жұмыстар атқарылуда?

Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту аясында 2022 жыл басынан бері тұрақты жұмысқа 17 адам орналастып, ақылы қоғамдық жұмысқа 28 адам, және «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына 3 жас қамтылса, әлеуметтік жұмыс орынына 3 адам жұмыспен қамтылды.

Сонымен қатар Ақсуат ауылдық округінің табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында мердігер «Алия-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыс жұмыстарын жүргізуге қалалық жұмыспен қамту орталығы арқылы 50 адамды жұмысқа тарту жоспарлануда.

Наурызға жаңадан салына қоншалардың бойына балалар алаңдарын салу жоспарда бар ма?

Ауылдық округтің 2021 - 2023 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес, екі балалар ойын алаңын салуға қалалық бюджеттен қаржы сұралуда, қаржының бөлінуіне қарай шешімін табады.

Бекмұратов көшесіне асфальт төселе ме?

Т.Бекмұратов көшесіне 2021 жылы жоба-сметалық құжаты әзірленіп, облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасына бюджеттік өтінім жолданды.

Аяқ су қашан жүргізіледі? Тал егжей десек су жоқ

Ж. Махамбетов ауылында дана электрлі насос арқылы халықты аяқ сумен қамтамасыз етуге, аяқ сумен қамтылмаған жаңадан қоныстанушы тұрғындарды аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында Сырдария өзенінің деңгейінің төмендеуіне байланысты ауылдық округтегі Ө.Құлманов және Т. Бекмұратов көшелерінің бойына жаңадан қоныстанушы тұрғындарды маусымдық аяқ сумен қамту мақсатында су ұңғымасын орнату жоспарлануда.

Жаңадан қоныстанған аймақта жсарық қашан болады?

Жаңадан қоныстанушы тұрғындар тұратын 32 көшені электр желілерімен қамту мақсатында қалалық бюджеттен қаржы бөлініп, жоба-сметалық құжаты әзірленуде.

Аялдамалар бар, бірақ автобус неге жүрмейді?

Қалалық тұрғын үй шаруашылық автомобиль жолдары бөліміне №2 және №12 қоғамдық көліктердің жүру бағытын өзгертуге ұсыныс жолданды, аталған бөлім тарапынан жұмыстар жүргізілуде.

Ауылға газ қашан жүргізіледі?

Ақсуат ауылдық округінің табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында «Мемлекеттік сатып алу» заңына сәйкес, мердігер «Алия-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыс жұмыстарын жүргізуде.

Ауылды қоқстан тазарту жұмыстары неге жүйейі жүргізілмейді?

Ауылдық округке қарасты аймаққа тазалық жұмыстары күн сайын, яғни 25 қоғамдық жұмысшылар ауылдық округтің қоқыстарын жинау жұмыстарын тұрақты жүргізіп, әр апта сайын сенбілік жұмыстары ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар қазба жұмыстары жүргізу жөнінде және көріз қалдықтарын бей-берекет төгу бойынша ауылдық учаскелік полиция инспекторымен бірлесіп апта сайын рейттік іс-шара жұмыстары жүргізілуде.

P.S. Өз ауылыңыздың өкіміне қояр сауалыңыз болса «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясына хабарлаңыз. Телефон: 8 (7242) 40 11 10. E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Басы 1-бетте

## КҮРЕСТЕН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

Аймағымызда 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер және 23 жасқа дейінгі жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты басталды. 16 сәуірде дейін жалғастырылған біріншілікке республикадан 1290 спортшы қатысуда.



– Қазіргі таңда мемлекет басшысының тапсырмасымен спортты дамытуға басымдық беріледі. Соның ішінде Сыр елінде де ауқымды шаралар өткізу қолға алынған. Ел чемпионатының аймағымызда өтуі жастарға үлкен серпін береді деген ойдамыз. Жастарға қолдау, оларды спорттық жарыстарға ынталандыру ретінде ел чемпионатының орны зор. 10 күн бойы жалғасатын күрес бәсекесінде ел чемпиондары анықталады, – деді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушысы Жағыпар Тажмаханов.

Ел чемпионатын ұйымдастырудағы басты мақсат – Азия және әлем чемпионаттарына, халықаралық додаларға қатысу үшін ұлттық құрама командасын қалыптастыру.

– Еркін, әйелдер және грек-рим күресінде Қазақстан Республикасының чемпионаты алғаш рет Біріккен форматта U17, U23 екі жас ерекшелік бойынша өткізілуде. Шараны ҚР Мәдениет және Спорт министрлігі, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, Республикалық күрес федерациясы және спорт басқармасы, Республикалық күрес федерациясы жыл десек болады. Себебі республикалық және әлемдік деңгейдегі сайыстар саны артып, Қызылорда облысында ұйымдастырылған бұл чемпионат үлкен сайыстардың алдында жастарға үлкен мүмкіндік болмақ. Республикалық чемпионаттарды көптеп өткізу арқылы жер-жердегі таланттарды танып, оларды жоғары жетістіктерге жетелеуге үлкен мүмкіндік береді, – деді Қазақстан Республикасы Күрес федерациясының президенті Доулет Тұрлыханов.

Айтолық БАТЫРБАЙҚЫЗЫ





## АҒАРҒАНЫ ҮЗІЛМЕГЕН ҚАЗАҚПЫЗ...



Бұрын ата-анамыз демалысқа шыққан сайын бізді ауылдағы үлкен үйге апарып тастайтын. Сөйтіп, ала жаздай сол жақта болушы едік. Күнде ағарған ішіп, ыстық нанға сары май жағып, оны қантпен қосып жеудің өзі не тұрады, шіркін...

Балалық шағымыз осылай қызықты өтті. Таң атқаннан кара кешке дейін үй көрмей ойнаушы едік. Сонда ата-әжеміз бізді «ойын баласы ғой» деп тоқтатайтын. Сол үшін жыл сайын ауылға баруға құмартып, жазды асыға күтетінбіз. Өйткені онда асыр сап ойнап, демалыстың қалай өткенін білмей қаламыз.

Есіміден кетпейтін тағы бір көрініс бар. Қашанда ауыл дәмнің орны ерекше. Түсіне білгенге адам денсаулығына пайдасы зор. Мәселен, тоқсан ауруға ем ағарғанның орны бөлек. Кезінде ата-бабамыз түйенің шұбатын, жылқының қымызын, сымардың айранын, ешкінің сүтін ішіп ұзақ өмір сүрген. Оның құрамындағы құнарлылықты осыдан-ақ аңғаруға болады. Медицина тілімен айтқанда ағарған ағзаға өте пайдалы. Себебі дәрумендер иммунитет жүйесін нығайтуға мол мүмкіндік береді.

Бала күнімізде атам үнемі қазақ батырларының күштілігі туралы жиі айтатын. Олар бір қойдың етін сүт пісірім уақытта бір өзі тауыса алатын алып адамдар екенін мысал етті. Ал қазір ағарған ішпейтіндер көп. Бүгінде жастар оның орнын газды сусынмен алмастырған. Дегенмен медицина олардың адам денсаулығына кері әсері бар екенін дәлелдеуде. Мәселен, наука адам сауығу үшін түрлі дәрілерді қабылдайды. Олар ішек қызметін бұзып, қарын түктерін қабындырады. Салдары асқазан ауруына алып келеді. Ал дәрігерлер дәріні ішкеннен кейін айран, қымыз, сүт ішсе тез жазылуына септігі тиетінін айтады.

Қазіргі кезде барлық адам семіздікпен күресуде. Артық салмақтан арылудың жолын іздеп түрлі диетаға отырған жандарды да көз көріп жүр. Осыған орай диетологтар толықпен деп шағымданғандарға ағарғанды ұсынуға. Оның құрамы күрделі болғанымен артық салмақтан арылтуға өте белсенді. Сонымен қатар ауыр және майлы тағамдардан кейін айран ішу көп калорияны жойып, семіздікке апармайды екен.

Ағарған деген құт қой. Мейлінше дастарханнан үзбегеніміз абзал. Әсіресе, осы көктем мезгілінде ағзаға ағарғанның пайдасы мол. Қазір немереме айран берсем, келіндер йогурт береді. Сондай-ақ бүгінгі балалар қолдың сүтінен гөрі дүкеннің сүтіне құмар. Жасыратын несі бар, оның иісі алыстан жүрегімді айнытады. Ағарғанға қант қосып берсе одан асқан қандай пайдалы тағам бар? Мұны балаға күнде ішкі ішкізген денсаулығы мықты болады. Өзіміз кезінде ұлқымызды қолдың сүтін беріп өсірдік. Сол кезде тіпті, ауру-

сырқауды білмеуші едік. Осының барлығы сапалы асымыздың, ұлттық сусымымыздың арқасы. Мұны әрбір келін, әрбір ана білу керек, – деді көпбалалы ана Анар Жансейітова.

Сонымен қатар ертеректе әжелеріміз шашын ағарғанмен жуса керек. Сондықтан да ол кездері бас терісінің құрғауы, қайызғақ, жансызданған шаш сияқты мәселелер кездеспеген.



Керісінше, нәрлендіріп, жылтырауына, тез өсуіне ықпалын тигізген. Байқасаңыз, көп адам ағарғанды оның ішінде айран мен қымызды астан кейін немесе ұйықтар алдында ішеді. Мұның да өзіндік сыры бар. Айран адамның жүйке жүйесіне оң әсер етсе, қымыз асты тез қорытады. Сондай-ақ олар ұйқысыздықтың алдын алып, маңыздылықты емдейді.

Сонғы жылдары күнделікті күйбең тіршіліктің соңында жүріп, осындай пайдасы зор тағамдарды емес, тез дайындалатын дүниелерге үйір болып алдық. Соның салдарынан түрлі аурулар шығып, ол дүниелер адам өміріне зиянын тигізуде. Бұрын апамыз «Ағарған іш» деп отырушы еді. Бұл сөздің астарында үлкен мән жатыр екен ғой. Сонымен қатар «Ақ мол болсын!» деген тілек те тектен-текке айтылмаса керек. Көп тағамның дәмін арттырып, тәбетіңді ашатын ағарғанның пайдасы көп. Сондықтан да оны дастарханнан үзбеуіміз қажет.



## АҢСАҒАН СӘБИ – БАҚЫТ БАСТАУЫ

Адамның бір қызығы бала деген... Алайда қазір осы бақытты сезіне алмай, ұрпақ сүюді армандап жүргендер жетерлік. Статистикалық мәліметке сүйенсек, еліміздегі әрбір алтыншы отбасы бір перзентке зар екен. «Балалы үй базар» демекші, бала отбасының беріктігінің бірден-бір кепілі. Өйткені қазір кейбір ерлі-зайыптылар ортада бала болмаған соң да ажырасып жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылдан бастап «Аңсаған сәби» бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырып, экстра-корпоральды ұрықтандыру бағдарламасы бойынша бөлінетін квота санын 7 есе көбейту кергін айтты. Негізгі елімізде ЭҚҰ бағдарламасы 2010 жылдан бастап жүзеге асуда. Онда әйелдерге тегін кепілдендірілген медициналық көмек беріледі. Содан бері бұл бағдарлама мыңдаған отбасына қуаныш сыйлап, демографияның өсуіне ықпал етіп келеді.

– Біздің отбасылы болғанымызға 6 жыл толыпты. Соншама уақыт сәбилі болуды аңсадық. Бала тілеп, бармаған бақсы-балгеріміз қалмады. Аталардың басына да түнедік. Сөйтіп жүргенде нәрестесін қолымызға, әжетханаға тастап кететіндерге ашуым келетін. Ең бастысы жолдасым екеуіміз бір-бірімізге қолдау көрсете алдық. Түсінікті. ЭҚҰ жасатуға шешім қабылдадық. Тәңірдің сыйы болар, барған күннен барлығы сәтті өтіп қыз баланы дүниеге әкелдім. Көп ұзамай екінші сәбиімізге жүкті екенімді білдім. Бұл біз үшін күтпеген ең керемет жаңалық болды. Осылайша қазір бір қыз, бір ұлдың ата-анасы атанып отырмыз, – деді Жансұлу Төленова.

Расында, бүгінде кейіпкеріміз сияқты қаншама әйел дәрігер есініп қағып, бақсы-балгер мен киелі жерлерді аралап жүр. Түсініген адамға бала көз қуанышымыз, баға жетпес байлығымыз. Қазақ ертеден «Тар құрсақты кеңітіп» дүниеге келген сәбиінің езу тартып күлгеніне, апыл-тапыл басқанына, былдырлап сөйлегеніне төбесі көкке жетеді. Әр қадамына той жасайды. Ал бір перзенттің жоғанын кең дүниесі тарылғандай, қанатынан қайырылғандай күй кешкендерге ЭҚҰ бағдарламасы жұбаныш болуда. Әсіресе, өткен жылдан бастап елімізде «Аңсаған сәби» жобасы қолға алынып, квота көп болыпуде.

– Қазіргі кезде денсаулық сақтау басқармасында «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында ЭКО-ға баруға 792 әйел кезекте тұр. Өткен жылы Қызылорда облысына 281 квота бөлініп, ол толықтай игерілді. Оның 53 проценті нәтижелі болды. Ал биылғы жылға 277

квота беріліп, 83-і порталға салынып тұр. Медицина мамандарынан құрылған арнайы комиссия мүшелері әйелдердің құжатын, денсаулығын жан-жақты тексеріп, порталға ай сайын 31 адам салады. Өткен жылы елімізде 33 ЭКО орталық бар еді. Биыл 19 ғана ЭКО орталықпен жұмыс істеп отырмыз. Себебі оларға жіберілген әйелдерде нәтиже болмаған соң, Денсаулық сақтау министрлігі көбінесе квота беруді тоқтатты. Әрбір әйел медициналық орталықты өзі таңдайды. Сол орталықтан толық тексеруден өтіп, хаттама ғана алып келеді. Бүгінде бізде 2014 жылдан бастап кезекте тұрған келіншектер бар. Осы жерде айта кетер бір жайт, 8 жылдан бері кезекте тұрған әйелдерді жеке басы туралы берілген мәліметтері бойынша іздеп таппай жатырмыз. Емхана арқылы байланысқа шығып, бізге берген мекен-жайдан басқа қалаға көшіп кеткендері де бар. Мұндай жағдайда олардың кезегін алып тастауға тура келеді. Өйткені олардың артында тұрған кезекті жылжытуымыз керек. Бүгінде өткен жылдың 1 сәуіріне дейін тіркелген әйелдердің барлығын тізім бойынша шақырып, жұмыс істеп жатырмыз. Қазір міне, 2014 жылы кезекте тұрған 47 жасқа дейінгі әйелдер беріледі, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелері жөніндегі бөлімнің маманы Мира Мырзаханова.

Өкінішке орай ЭКО орталығына берілген квота бала жүзіне алып жүрген әйелдің бәріне берілмейді. Өйткені мұнда әйел денсаулығына жіті мән беріледі. Мәселен, жатыр түтіктерінің болмауы, аналық жасушасының тым аз болуы тағы да басқа себептері тікелей әсер етеді. Сондықтан барлық әйелдердің ЭКО орталығына жүгінуге мүмкіндігі аз. Жалпы елімізде 1996 жылы қолдан ұрықтандыру әдісімен тұңғыш сәби дүниеге келді. Мұны ең алғаш қолға алған ЭҚҰ орталықтары мен беделсіздігі емдейтін «ЭКОмед» ұрықтандыру орталығының негізін қалаушы Салтанат Байқошқарова. Қазір бұл клиниканың бөлімшелері еліміздің 8 аймағында

орналасқан. Шағын зертханадан басталған тәжірибе бүгінде іргелі ғылыми репродуктивтік медицина институтына айналды. Қазір мұнда сәби иісін аңсаған отбасыларға бақыт сыйлау үшін сонғы үлгідегі заманауи технологиялар қолданылады. Осы жылдар ішінде 16 мың бала дүниеге келген. Ал Сыр өңірінде «ЭКОмед» орталығы 2018 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

– ЭКО Қазақстанда алғаш келген кезде қоғам бірден оң қабақ таныта

ақылы келгендері де бар. Солардың 60 проценті нәтижесін берді. Айта кету керек, бізден квотамен барған әйелдің бірінші мүмкіндігінде бала болмаса, екінші, үшінші мүмкіндігі ақылы негізде жүреді. Бірақ оған көп қаражат кетпейді. Себебі оның барлық мәліметі бар, қайта тексеруден өтпейді. Мәселен, 4-5 жақсы эмбрион шықса, оның біреуін салған соң, қалған эмбриондарды қатырып, сақтап қою әдісі дамыған. Бұл оның сапасын жоғалтпайды. Елімізде бір рет алынған



қоймайды. Дегенмен қазір адамдардың денеден тыс ұрықтандыруға деген көзқарасы өзгерді. Себебі бүгінде бала сүйгісі келетін ерлі-зайыптылар уақыт ұттырмай біздің орталықтың көмегіне жүгінеді. Жасыратын несі бар, өзге ұлт өкілдеріне қарағанда қазақ ата-аналар бұл жұмыстың жасырын түрде өткенін қалайды. Бұл енді біздің менталитетіміз. Көбі «Жасанды ұрықтандыру» деп айтады. Бұл сөз халықтың санасын аздап адастыратын тәрізді. Жасанды деген сөзді басқа біреудің ұрығын салғандай қабылдайды. Шын мәнінде, әйел ағзасында қосыла алмаған аналық және аталық ұрықты сыртқы ортада біріктіріп, жатырға саламыз. Сондықтан да бұл жұмысты «Денеден тыс ұрықтандыру» деп атаймыз. Орталықтың ең бірінші талабы ерлі-зайыптылар бірге келіп тексерілуі керек. Алдымен беделсіздіктің қандай түрі, кімнен екенін анықтаймыз. Олардың жас ерекшелігін ескереміз. Сөйтіп, жан-жақты тексеруден өткізіп, ем жүргіземіз. Мәселен, 2020 жылы 200-ге жуық әйел тексерістен өтсе, өткен жылы 300-ден аса әйел ЭКО-ға жүгінді. Оның ішінде квотамен және

аналық ұрықтан төрт перзент сүйген жұп бар, – деді «ЭКОмед» ұрықтандыру орталығының акушер-гинеколог дәрігері Жадыра Жандарбекова.

Ел арасында ЭКО-мен дүниеге келгендердің ұрпақ өрбітуі екіталай деген пікірлер жоқ емес. Алайда бұл шындыққа жанаспайды. Себебі 1997 жылы ЭКО-ның көмегімен дүниеге Алеся Шин 2019 жылы ана атанды. Ол сәбиін табиғи жолмен көтеріп, 15 қазан күні Алматыдағы №1 перзентханада босанған. Мамандардың айтуынша, денеден тыс ұрықтандыру әдісі, аты айтып тұрғандай, табиғи жолмен бір-біріне кездесе алмайтын аталық және аналық ұрықты дене сыртында арнайы түтікшелер арқылы қосады. Бұл әдіспен жүкті болғандарға алғашқы айларда ғана ерекше күтім керек. Ал кейін бала өсе келе табиғи жолмен пайда болған сәбиден еш айырмашылық болмайды екен.

Бала – отбасының шаттығы. Ал денсаулық – өмір кепілі. Осы тұста ЭКО көмегіне қанша жүгінгенімен еш нәтиже шықпай, сағы сынып жүргендер де жетерлік. Өкінішті-ақ.

## Дені сау бала – болашақ жемісі

Баласы ауырған ата-ананың басындағы тауқыметті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Іштен жеген уайым, дәрігер жүзіне сұраулы көзбен қарау, ауырған баланың қиналғанын көру, мұны тек басынан кешкендер ғана түсінері анық. Қазіргі кезде әлеуметтік желі арқылы баласының дертіне араша сұрайтындар күн санап артауда. Соған қарап, наука баланың көп екенін аңғарсаң.

Өткен жылы Қызылорда облысының көпбейінді балалар ауруханасынан 14 мыңға жуық бала емделіп шыққан. Өкінішке орай, бүгінде жасөспірімдер арасында тыныс алу жолдары ауруы кең етек жайып отыр. Облыстық балалар ауруханасының мәліметі бойынша өткен жылы облыс бойынша 88683 бала тыныс алу жолдары ауруымен ауырған. Оның ішінде пневмонияны ерекше айтуға болады. Ал бронхитті астма 2017 жылы – 380 бала, ал 2021 жылы – 579 баланы құраған. Пневмония мен астма ауруханалық жергілікті иммунитеттің төмендеуінен туындайды. Атап айтсақ, аллергиялық көріністері бұл қоршаған ортамен, балалар тұратын аймақтағы жағдай, ластанған ауаға байланысты. Мамандардың айтуынша, қазір балалар мен жасөспірімдерге әртүрлі орта әсер етіп, ағзадағы қолайсыз өзгеріске әкеп соқтырады. Сондай-ақ бала бір жылда бірнеше рет ауыруы мүмкін.

Сонғы кезде балалар арасында неврологиялық науқастар саны өсіп келеді. Балалар сал ауруы да көбейіп, жағдай ұшығып отыр. Оның себебі неде? Атап айтсақ, өткен жылы облыс бойынша 18109 бала жүйке жүйесінің ауруынан емделген. Дәрігердің айтуынша, ең алдымен ана-



ның жүктілікті жоспарлап азғаны сауықтырмауы, жүктілік кезінде күйзелісте жүруі, дұрыс күтімбеуі тікелей әсер етуде. Жасыратын несі бар, қазір бесіктен бөлі шықпаған баланың өзі ұялы телефонға тоуелді. Ол да баланың жүйке жүйесіне зақым келтіреді.

Бала денсаулығына ата-ананың да денсаулығы тікелей байланысты. Бүгінде балалар арасындағы асқазан және ішек жолдарының аурулары да өзекті мәселеге айналды. Өткен жылы аймақта 24960 бала осы дертпен күрескен. Оның басты себебі – дұрыс тамақтанбау. Қазіргі кезде жасөспірімдер тез дайындалатын тағамдар мен газдалған сусындарға әуес. Соның салдары асқазан мен ішек жолдарына кері әсерін тигізуде.

Қарап отырсақ, балалар арасындағы көздің көру қабілетінің төмендеуі күрделі мәселенің біріне айналды. Біз өкініштісі, ата-аналар баланың көз ауруын мектеп жасына барғанда ғана анықтайды. Алайда сәби көзінің ауырғанын, көру қабілетінің төмендігін ерте жастан анықтау керек. Себебі балалар арасында компьютерде, ұялы телефонда көп отыру бала көзінің шаршауына әкеп соқтырады. Бүгінде мұндай жағдайлар жиі орын алууда. Себебі өткен жылы 11949 баладан көзге байланысты шағым түскен. Дені сау бала – болашақ жемісі. Сондықтан жасөспірімдер арасындағы аурушандылықты азайту үшін әрбір ата-ана баласын жіті қадағалағаны абзал.



Кешенді медициналық ақпараттық жүйе Damumed – медицина саласына енгізілген тың технологиялық даму жолы. Бүгінде аймақтағы 107 медициналық ұйым КМАЖ «Damumed» жүйесіне қосылған. Оның ішінде 16 мемлекеттік және 5 жеке медициналық ұйымдар PACS жүйесіне қосылып, қарқынды жұмыс жасауда.

## «DAMUMED»: МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ЖЕДЕЛ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

PACS – технологиялық ақпараттандырудың жаңа саласы. Себебі осы арқылы медициналық ұйымның жұмыс сапасын сырттан бақылап мониторинг жасауға болады. Сондай-ақ аудиттік бақылау жасайды. Қазіргі кезде сәулемен зерттеу саласында мекемелер ішінде 17 флюоро – рентген, 5 маммография, 3 КТ, 2 МРТ және 1 УДЗ аппараты PACS жүйесіне қосылған. Сонымен қатар рентгенолог мамандардың облыс деңгейінде тәжірибе, бірлесіп жұмыс істеуіне үлесін қосып отыр. Мәселен флюорографиялық зерттеуді «Екі оқылуда» тез әрі уақыт үнемделуде.

Дәрігерлер науқастың аспаптық – зертханалық сараптамасын уақыт күттірмей қай медициналық ұйымда тексеруден өткенін дер кезінде анықтай алады. Айта кету керек, аталған жүйе арқылы аудан мен ауылдағы медициналық ұйымдардың мамандары облыс орталығымен тығыз байланыса.

Қазіргі кезде кешенді медициналық ақпараттық жүйе тиімділігін дәрігерлер айтарлықтай сезінуде. Осы жүйе Республика көлемінде тұтастай қосылып жұмыс жасаса медициналық қызметкерлер мен жалпы жұмыс сапасының деңгейін арттыруға зор мүмкіндік туады.

ЖАЗИРА ЖОЛБΟΣЫНОВА  
рентгенолог дәрігер



Бетгі дайындаған  
Ақмарал О.ЖАБАЕВА



Екі достың әңгімесі:  
– Нұрсұлтан су жаңа машина мініп алыпты.  
– Несиеге алған ғой.

Иә, көлік ерлердің ең сүйікті қажеттілігі. Тіпті көлікке қатты қызығатындар қорықпай несиеге де алып, темір тұлпарды тізгінінде алған. Бүгінде қыз-келіншектер де машина айдауға құмартты. Қазіргі таңда көлікке деген сұраныс, қызығушылық өте жоғары. Әрине, көлікпен жүрсен біраз шаруаны

– Жеңілдетілген автонесиеге сұраныс көп. Күніге келетін екі адамның бірі осы бағдарлама жөнінде сұрайды. Алайда нақты қашан басталатыны белгісіз болып отыр. Өкініштісі, бұл бағдарлама бойынша кез келген адам ала алмайды. Өзіндік шарттары бар. Өйткені бөлінген қаражат мөлшері шектеулі. Автонесие туралы айтып өтетін болсақ, мұның аясында жаңа және тек отандық өндірістің көлігін аласыз. Мұндағы

Ал қаламыздағы «Тұран» ЖШС авто мекемесінің кеңесшісі Қорғанбек Садықовтың айтуынша, мұнда күніне 20-30 адам көлік іздеп келсе, оның тең жартысы жеңілдетілген бағдарлама бойынша көлік алу жөнінде сұрайды.

– Алдымен бұл бағдарлама арқылы несие рәсімдеу екенін еске саламыз. Яғни автонесие арқылы көлік алуға қызыққандар алдымен банкке барады. Қанша тенгеде,

**БАНК ТАЛАБЫ ҚАНДАЙ?**

Жеңілдетілген бағдарламаның шарты өзгерген. Енді автомобиль құнына емес, несие көлеміне шек қойылады.

Бағдарламаға кез келген қазақстандық азамат қатыса алады. Алайда олардың басқа несиесі бар-жоғы мен қарызды қайтару мүмкіндігін зерттеп, автонесие беру-бермеу жөніндегі шешімді банк қабылдайды. Көлік алуға өтініш берушінің жасы 21-ден кем болмауы, ал қарыз аяқталған кездегі жасы 68-ден асып кетпеуі шарт. Бағдарлама аясында несиеге алынатын отандық көліктің бағасына шектеу жоқ. Бірақ несие көлік құнының 10 миллион теңгесіне ғана рәсімделеді. Қалғанын сатып алушы өзі төлейді. Қазақстандық автосалондарда бағасы 10 млн теңге шамасында көліктің 2 маркасы мен моделі бар.

Несие мерзімі бұрынғыдай 7 жыл. Ал жылдық сыйақысы 4% болып бекітілді. Басты өзгеріс алғашқы жарнасы болмайды. Сонымен қатар қосымша бағдарлама енгізу қарастырылуда. Көпбалалы отбасыларға, әскерилерге, дәрігерлер мен мұғалімдерге жеңілдікпен автонесие беру көзделген.

Көлік алғысы келіп жүрген азаматтың бірі Ақылбек Сыдықбаев бағанын өскенін анықтайды.

– Көлік бағасы тоқтаусыз өсіп жатыр. Темір тұлпар тізгініндегі деген ой болғанмен, оған қажетті қаражатты жинау мүмкін емес. Күннен-күнге баға шарықтап барады. Быыл автонесие басталады дегенде халық қуанды. Жаңа көлікті осындай бағдарлама арқылы алуға ғана мүмкіндік бар. Жеңілдетілген несие арқылы автокөлік алуға өтініш беріп көрмеппін. Қашан басталатыны белгісіз. Бағдарлама іске қосылған уақытта банкке барып, несие жөнінде мәлімет аламын. Егер маған несие шыса, жаңа темір тұлпарды тізгіңдеу ойымда бар, – дейді ол.

каңдай көлік алғысы келетінін айтады. Несие тарихына қарай азаматтарға несие беріле ме, сол анықталады. Мәселен біздің орталықта ең арзан отандық көлік «Chevrolet Nexia» 6190000 теңгеден басталады, – дейді ол.

**P.S.** Көптеген маман көлікті несиеге алғаннан гөрі қолма-қол ақшаға сатып алуды ұсынады. Себебі банк ешқашан ұтымды емес. Машинаны мініп, ол тозымен дегеннен несиеден әлі де құтылауыңыз мүмкін. Сондықтан қымбатқа ұрныбай «жау жүргеннен машинамен жүргенім жақсы» деп орташа бағадағы көлікті таңдаған дұрыс. Қалай десек те, несиеге көлік алу – жұрт үшін тиімді емес. Бұрын «қарыз алсаң да, әйел ал» деп, әзіл-шыншыл аралас айтылатын еді. Бұл сөз қазіргі уақытта «қарыз алсаң да, көлік ал» деп өзгерген секілді. Қарызға батып тұрғанын білсе де астында су жаңа көлігі барлар жетерлік. Сырт көз қымбат көлікті қарызға алғанын қайдан білсін.

Айтқын АЙТЖАНОВА

**ҚАРЫЗ АЛ ДА, КӨЛІК АЛ**

тез бітіретінің анық. Дегенмен көлікке дәл қазіргі заманда бірден қол жеткізу мүмкін емес. «Айлықтан айлыққа дейін» күн көріп отырған отбасылар үшін жаңа көлікті міну – үлкен арман. Қарапайым халық тәуекел етіп несиеге де алып жатыр. Жеңілдетілген автонесиеге бағдарламасы 2015 жылы іске қосылған болатын. Сол уақытта 80 мыңнан аса отандасымыз несиеге темір тұлпарды тізгініндегі.

**4 %-пен көлік алу тиімді ме?**

Быыл елімізде 4 процентпен жеңіл автокөлікті рәсімдеу басталады. Автонесие қаржыландыру үшін Қазақстанның даму банкі екінші деңгейлі банктерге 20 млрд теңге көлемінде қаржы бөлген. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2022-2025 жылдарға 150 млрд теңге бөлінеді. Бағдарлама аясында быыл 30 млрд теңгені игеру жоспарланған. Бұл жобаға осы уақытқа дейін екінші деңгейлі банктерден 15 мыңнан астам өтінім түскен.

Сарапшылар жаңа бағдарламаның іске қосылуы көлік бағасының артуына әкеліп соғуы мүмкін дегенді де айтады. Себебі құзырлы министрлік көлік бағасын бір қалыпта ұстау бойынша автоөндірушілермен ешқандай келіссөз жүргізбеген. Былтыр автосалондарда көлік бағасы құбылмалы болып, 5 мәрте көтерілген. Алайда көлік бағасы өскенмен, оны сұраушылар азайған емес.

**СПОРТ**

**БОЗ КІЛЕМДЕГІ БЕЛДЕСУ**

Кеше қаламыздағы «Мұз айдыны» спорт кешенінде грек-рим, еркін және әйелдер күресінен 17-23 жасқа дейінгі палуандар арасында Қазақстан республикасы чемпионатының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Салтанатты шараны облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұрғай ашып, барша қатысушыларға сәттілік тіледі. Ол Сыр төрінде осындай жоғары деңгейдегі жарыстың өтуіне атсалысқан барша жандарға алғысын білдіріп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді.

«Сайдың тасындай» кіл мықтылар бас қосқан дүбірлі долада Азия құрлығының және ҚР Біріккен Күрес федерациясының президенті, КСРО-ның 7 дүркін чемпионы, Әлем чемпионы, Азияның 2 дүркін чемпионы, Олимпиада ойындарының 2 дүркін жүлдегері, Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы Дәулет Тұрлыханов бастаған кәдірлі коактар өз лебиздерін білдіріп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсіміне қатысты. Сондай-ақ Дәулет Болатұлы облыс әкімінің орынбасары Қайрат Бірзақұлдына спортқа жанышарлық білдіріп, қолдау көрсеткені үшін «Алғыс хат» табыстады.

Тартысты бәсекеге 17 және 23 жаспан аспаған күрестің әр стилінде 10 салмақ дәрежесінде 17 өңірлік командалан 1290 спортшы қатысады. Оның ішінде Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және 14 облыстан келген дүлдүлдер бар.



Республиканың әр түкпірінен жиналған спортшылар чемпионатты қыздыра түсті. Жарыстың алғашқы күні болғанымен, спортшылардың қарқыны өте мықты болды. Бірінші күннің нәтижесімен жеңімпаз, жүлдегер атанған палуандар марапат төрінен көрінді. Айта кететін жайт, кеше спортшыларымыз күрестің «еркін күрес» түрінен өнер көретті. Алдағы күндері палуандар «әйелдер күресі» мен «грек-рим» күресінен бақтарын сынамақ.

Естеріңізге сала кетейік, чемпионат YouTube хостингінде күн сайын тікелей эфирде көрсетіледі. Сонымен бірге «Qazsport» республикалық телеарнасы күн сайын әрбір жарыс күні туралы жедел ақпарат беріп отырады. Әр өңірдің үздіктерін жинаған боз кілемдегі жарыс 16 сәуірге дейін жалғасатын болады.

КАҚТАН



**БЫЛҒАРЫ ҚОЛҒАП БӘСЕКЕСІ**

Жуырда «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінде жары оқу орындары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында өткен бокстан облыстық ашық біріншілік аяқталды.

Төртінші мәрте ұйымдастырылған облыстық біріншілікте жеңімпаздарын марапаттау салтанатына облыстық білім басқармасының басшысы А.Қасымов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ж.Тәжмаханов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Б.Қариева, қалалық мәслихат хатшысы И.Құттықожаев және бокстан Сыр елінің мақтаныштары, кәсіптік боксерлар Қамшыбек Қоңқабаев пен Тұрсынбай Құлақмет қатысты.

Тартысқа толы долаға облыс бойынша білім беру ұйымдарынан 16 кг салмақ дәрежесінде ерлер мен қыздардан құралған 16 команда, 122 білім алушы қатысты.

Шара қорытындысымен жалпы командалық есеп бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жеңіске жетіп, 29 медаль еншіледі. Жалантөс Баһадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат командасы ІІ орын, Болашақ университетінің командасы ІІІ орын иеленді.

Барша жүлдегерлер мен жеңімпаздарға ұйымдастырушылар тарапынан дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды.



**ЧЕРНИГОВТАҒЫ СҰМДЫҚ**

BBC арнасы тұрақты түрде Украина жерінен репортаж жариялайды. Тікелей эфирға орнына барған тілшілер ел ішіндегі ахуалды, қарулы қақтығыстарды және адамдардың бүгінгі жай-күйін ашып жазды. Соның бірі BBC тілшісі Йогита Лимайе. Ол Киевтің солтүстік-батысында орналасқан Яхидное ауылына барып, ауыл тұрғындарының 25 күн тұтқында өткізгені туралы жазды. «Украинадағы соғыс: мұрделермен өткен уақыт немесе Черниговтағы сұмдық» атты мақаласында 130 украин алытын тұтқында өткізген уақыты жайлы репортаж жариялады.



«Яхидное ауылындағы мектеп жергілікті қабырғасында қызыл қаламмен жазылған күнтізбе ілінп тұр. Онда 5 наурыз бен 2 сәуір аралығындағы күндер белгіленген. Бұл тұрғындардың тұтқында өткізген уақыты», – деп басталады мақала.

Киевтің солтүстік-батысынан 140 шақырым жерде және Чернигов қаласына жақын орналасқан Яхидное ауылын ресейлік әскер басып алып, шамамен 1 ай уақыт ауылды басқарған. Ауылға келген кезде-ақ әскерлер ер адамдарды, әйелдер мен балаларын тұтқында алып, мектептің жергілікті қабырғасына қашырып жіберген. Шамамен 130 адам небәрі 65 шаршы метр аумақта бір ай уақытын өткізген. Бұл туралы арна тілшісіне алыс жастағы Николай Климух айтып берген.

«Бұл менің жарты метрлік орым болатын. Мен осы жерде тұрдым. Тұрып ұйықтадым. Құлап қалмас үшін өзімді шафрпен бағанаға байлап қойдым. Осылай 25 күн өткіздім», – дейді көзін жас алып, тұтқында болған орын көрсеткен Николай.

Оның айтуынша, басқа адамдарды басып кетуін мүмкін болғандықтан қозғалудың өзі қиынға соққан. Тұтқындардың арасында 40-50 шақты бала да болған. Олардың ең кеңжесі екі айлық шақалақ.

Арна тілшісінің мәліметіне, Чернигов қаласын басып алу кезінде ресейлік әскер Яхидное секілді ауылдарды еркін басқарған. Бірнеше апта бойы 300 мың тұрғын бар Чернигов қаласы қоршауда болып, үздіксіз шабуылдың астында қалған. Сонымен қатар Киев қаласына алып баратын көпір құлап қалғандықтан тұрғындарға қашу мүмкін болмаған.

«Енді орыс әскері Киевті ала алмаған соң шегінді. BBC бұл аймаққа жеткен алғашқы БАҚ өкілдері және окупация мен бомбалау кезінде болған оқиғаны сұмдықын аша алады. Шекараға жақын болғаны сонша тұрғындар әлі де орыс әскері оралуы мүмкін деп алаңдайды», – деп жазады тілші Йогита Лимайе.

Он бес жасар Анастасия да әкесі және әжесімен жерінде тұтқында болған адамдардың бірі. «Орын мүлде болған жоқ. Біз тұрып өмір сүрдік. Біз тұрып ұйықтадық. Тіпті «ұйықтадық» деп айтуға келмейді. Белменін терезелерін қымтап тастағандықтан тыныстаудың өзі қиын болды. Менің көзіме 12-15 адам қағып болды», – дейді ол. Қайтыс болғандардың көбісі егде жастағылар екен. Олардың неден көз жұмғаны белгісіз, бірақ Николай ауа жетпегеннен деп болжаған. Ал олар көз жұмған соң мұрдені бірден шығарып тастауға ресейлік әскер рұқсат етпеген. Оның үстіне үздіксіз бомбалау мен қарулы қақтығыстардың әсерінен жерлеу қауіпсіз болған. Яғни адамдар бірнеше күн мұрделермен бір жерде тұруға мәжбүр болған.

«Өте қорқынышты болды. Мен көз жұмған адамдарды білетін едім. Олар бізге жақсы қарайтын. Олардың бұл жерде сепсіз көз жұмғаны өкінішті», – дейді Анастасия. Ал Николай олардың өліміне тар жерге жерленгеніне себеп болғанын айтқан.

«Соңғы уақыттарда менің аяғым ісіне бастады. Бірақ менің өлуге құқығым жоқ еді. Мен екі қызым мен немерелеріме қорған болуға міндетті едім. Адамдарды сыртқа дәрет сыйдыруға да шығармайтындықтан, олар осы жерде «барлығын» істеуге мәжбүр болды. Ал кейде ресейлік әскер тұтқындарды «тірі қалқан» ретінде пайдаланды», – дейді Николай.

Тұтқындар тамақ пісіру үшін күніне екі рет далаға шыға алатын болған. Даладағы отқа тамақ пісірген. Өнімдерді тұрғындар өз үйінен алып келсе, суды ауыл ішіндегі құдықтан алған. Николайдың айтуынша, орыс әскері мұнда тек 4 күн болатынын, сол уақыт ішінде Киевті басып алатынын айтқан.

3 сәуірде Ресей әскері Яхидное ауылынан кетіп қалған. Қазіргі таңда ауылды Украина әскері қорғауда. Ал тұтқында тұскендердің көбісі жақын жердегі елді мекендерге жеткізілген.

«Мен түнде ұйқымынан бірнеше рет шошпы оянамын. Атылған оқ пен бомбаның дауысы қалғымнан кетпейді», – дейді Анастасия.

Ресей әскері ауылдардан кеткеннен кейін еріктілер көз жұмғандарды жерлеуге кіріскен. Мәселен, Яхидное ауылындағы қорым қазіргі кезде бейітке толған. Олардың әрқайсысына арнайы тақтайшалар ілінген. Өзге аймақтан келген жақын туыстары бірден бейіттердің ішінен туыстарын іздейді екен.

Алпыс жастағы Нина Винник пен оның немересі тілшілерге өз үйлерін көрсеткен. Үй деген аты болмаса, тек қана қабырғалары қалған. Егде жастағы әйелдің қызы және кішкентай баланың анасы ауруханада. 39 жастағы Людмила бомбалау кезінде аяғынан айрылған. Бомбалау кезінде Нина отбасымен көрші үйдің жергілікті қашқан. Алайда бомба оқ үйді де айналып өтпей, қиратып тастаған.

«Біз бомбаның әсерінен есімді жоғалтып алдық. Бірінің миы шайқалса, біреуі жаракаттанды. Мен есімді жиган кезде қызымның «Мама, мама, менің аяғым жоқ» деп айқайлағанын естідім. Мұндай сұмдықты мен өмірімде көрген жоқпын. Неге билік бізге ескертпейді? Неге біз эвакуацияланбадық?» – дейді ол.

Ол енді қызының протезіне ақша таба алмайтынын айтқан. «Путин бейбіт тұрғындарға тиіспейді деді. Тиіспесе неге менің қызым ауруханада бір аяқсыз жатыр? Ресейге керекті осы ма? Енді қызымның аяғына протезді де, біздің үйді де Путин салып берсін», – дейді Нина.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Аслан НУРАЗҒАЛИ

Меншік иесі:



Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Апталығы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4258 Тапсырыс №527

Мемірдің кезекші редакторы Айтқын АЙТЖАНОВА